Пәні: Бизнес-процестерді талдау және жобалау әдістері

Бизнес-процестерді модельдеу кезінде ақпарат жинау әдістері

Дәріс 4

Шаяхметова А.С., PhD, қауымдастырылған профессор
Жасанды интеллект және Big Data кафедрасы

2026-2027 оқу жылы

Дәріс жоспары

1. Бизнес-процестерді модельдеуде ақпараттың рөлі және талаптары.
2. Ақпарат жинау әдістерінің негізгі түрлері.
3. Әдістерді қолдану ерекшеліктері және ақпараттың сапасын бағалау.
4. Ақпарат жинау нәтижелерін модельдеуде пайдалану.

Дәрістің мақсаты

Бизнес-процестерді модельдеу кезінде ақпарат жинау әдістерін қарастыру, олардың ерекшеліктерін және қолдану жағдайларын талдау. Жиналған ақпараттың сапасын бағалау және оны бизнес-процестерді тиімді модельдеуде пайдалану дағдыларын қалыптастыру.

Бизнес-процестерді модельдеуде ақпараттың рөлі және талаптары

Ақпарат жинаудың маңызы

Бизнес-процестерді модельдеу үшін сенімді, толық және нақты ақпарат қажет. Ақпарат жинау әдістері ұйымның нақты жағдайын түсінуге, бизнес-процестердің ағымдағы күйін анықтауға, проблемалық аймақтарды табуға және олардың тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Жиналған ақпарат бизнес-процестердің дәл моделін құруға, басқарушылық шешімдерді негіздеуге және ұйым қызметін оңтайландыру жолдарын анықтауға көмектеседі.

Ақпарат жинаудың негізгі мақсаты

1. Процестің шекарасын анықтау.
2. Қатысушыларын белгілеу.
3. Кірістері мен шығыстарын анықтау.
4. Операциялар ретін, ресурстарын және басқарушы әсерлерін сипаттау.
5. Нәтижелілік көрсеткіштерін белгілеу.

Ақпарат жинау әдістерінің негізгі түрлері

Ақпарат жинау әдістері



Ақпарат жинау процесінің кезеңдері



Сұқбат жүргізу процесінің схемасы



Ақпарат жинау әдістерінің салыстырмалы кестесі

Әдіс	Сипаттамасы	Артықшылықтары	Кемшіліктері	Қолдану жағдайлары
Сұхбат	Қызметкерлермен тікелей әңгімелесу	Терең ақпарат алу мүмкіндігі	Уақытты көп қажет етеді	Кілтті қызметкерлермен жұмыс
Сауалнама	Сұрақтар тізімі арқылы деректер жинау	Көп адамнан ақпарат алу	Жауаптардың толық болмауы мүмкін	Үлкен ұйымдарда
Бақылау	Үдерістерді тікелей қадағалау	Нақты деректер алу	Барлық үдерістерді бақылау мүмкін емес	Күнделікті операциялар
Құжаттарды талдау	Ресми құжаттарды зерттеу	Қолжетімді ақпарат көзі	Ақпараттың ескі болуы мүмкін	Регламенттер, нұсқаулықтар, есептілік

Әдістерді қолдану ерекшеліктері және ақпараттың сапасын бағалау

Әдістерді қолдану ерекшеліктері және ақпараттың сапасын бағалау

Бизнес-процестерді модельдеу кезінде ақпарат жинау әдістері зерттеу мақсатына, ұйымның ерекшеліктеріне және қажетті деректердің түріне байланысты таңдалады. Сұхбат жүргізу қызметкерлердің тәжірибесі мен пікірлерін анықтауға, сауалнама көп көлемде ақпарат жинауға, бақылау бизнес-процестердің нақты орындалуын зерттеуге, ал құжаттарды талдау ресми мәліметтерді алуға мүмкіндік береді.

Әдістерді қолдану ерекшеліктері және ақпараттың сапасын бағалау



Ақпарат жинау нәтижелерін модельдеуде пайдалану

Ақпарат жинау нәтижелерін модельдеуде пайдалану

Жиналған ақпарат бизнес-процестердің ағымдағы жағдайын (AS-IS) талдауға және негізгі операцияларды анықтауға мүмкіндік береді. Алынған мәліметтер негізінде BPMN, IDEF0 әдістері арқылы бизнес-процестердің модельдері құрылады. Модельдеу нәтижелері тиімсіз операцияларды анықтауға, процестерді оңтайландыруға және жетілдірілген (TO-BE) моделін әзірлеуге негіз болады.

Қорытынды

Ақпарат жинау бизнес-процестерді тиімді модельдеудің маңызды кезеңі болып табылады. Сұхбат, сауалнама, бақылау және құжаттарды талдау әдістері нақты әрі сенімді мәліметтер алуға мүмкіндік береді. Жиналған ақпарат бизнес-процестерді талдауға, оңтайландыруға және басқару тиімділігін арттыруға негіз болады.

Бизнес-процестерді модельдеу кезінде ақпарат жинау әдістері

Дәріс 4